

ЕТТІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР

ИННОВАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ОТРАСЛИ МЯСНОГО СКОТОВОДСТВА

INNOVATIVE PROCESSES IN THE BEEF CATTLE INDUSTRY

К.М. МАДЕНОВА*

PhD докторанты

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

*автордың электрондық пошталары: Madenova74@mail.ru

К.М. МАДЕНОВА*

докторант PhD

Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина, Нур-Султан, Казахстан

*электронная почта автора: Madenova74@mail.ru

К.М. MADENOVA*

PhD student

S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Nur-Sultan, Kazakhstan

*corresponding author e-mail: Madenova74@mail.ru

Аңдатпа. Мақала ет бағытындағы мал шаруашылығы саласындағы инновациялық процестерді дамытуға арналған. Инновацияларды жіктеудің негізгі нысандары мен әдістері зерттелген. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені кәсіпорындарының инновациялық қызметінің ерекшеліктері талданған. Еуропалық елдермен салыстырғанда республиканың ауыл шаруашылығы құралымдарының инновациялық белсенділігінің көрсеткіштері ұсынылған. Автор ет және оны қайта өңдеу өнімдерін өндіретін кәсіпорындарда инновациялық процестерді қалыптастыруға және дамытуға баса назар аударады, бұл үлкен қызығушылық тудырады, өйткені осы саладағы инновациялық қызметтің өзіндік ерекшеліктері бар. Аграрлық секторда өндірістің экономикалық және қаржылық жай-күйі инновацияларды енгізуге, ресурстарды үнемдеуге, өндірістік жүйенің кірістілігі мен тиімділігінің көрсеткіштерін ұлғайтуға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы инновациялық технологияларды пайдалануға тікелей байланысты. Етті мал шаруашылығын дамытудың әлеуетті ресурстарына бағалау жүргізілген, соңғы жылдары мал басының өсу, ет өндіру, оның импорты мен экспорты үрдістері зерделенген. Мал шаруашылығы саласының, атап айтқанда ет малын өсірудің негізгі проблемалары айқындалған, ет өнімдерінің әлеуетін арттыру мүмкіндігі туралы қорытынды жасалған. Инновациялық қызмет деңгейіне жасалған талдау, ауыл шаруашылығы өндірісіндегі анықталған проблемаларды талдау негізінде елдің етті мал шаруашылығында инновацияларды перспективалық дамыту бойынша ұсынымдар әзірленді, өйткені шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларында инновациялық сипаттағы әзірлемелер және оларды осы салада қолдану маңызды рөл атқарады.

Аннотация. Статья посвящена развитию инновационных процессов в животноводческой отрасли мясного направления. Изучены основные формы и методы классификации инноваций. Проанализированы особенности инновационной деятельности предприятий агропромышленного комплекса Казахстана. Представлены показатели инновационной активности сельскохозяйственных формирований республики в сравнении с европейскими странами. Основное внимание автор уделяет формированию и развитию инновационных процессов на предприятиях по производству мяса и продуктов его переработки, что представляет значительный интерес, поскольку инновационная деятельность в этой отрасли имеет свои специфические особенности. В аграрном секторе экономическое и финансовое состояние производства напрямую зависит от внедрения инноваций, использования современных инновационных технологий, которые позволяют экономить ресурсы, увеличить показатели доходности и эффективности производственной системы. Проведена оценка потенциальных ресурсов развития мясного животноводства, изучены тенденции роста поголовья скота, производства мяса, его импорта и экспорта за последние годы. Выделены основные проблемы отрасли животноводства, в частности выращивания мясного скота, сделаны выводы о возможности увеличения потенциала мясной продукции. На основе вы-

полненного анализа уровня инновационной деятельности, выявленных проблем в сельскохозяйственном производстве разработаны рекомендации по перспективному развитию инноваций в мясном скотоводстве страны, т.к. в новых условиях хозяйствования важную роль играют разработки инновационного характера и их применение в данной отрасли.

Abstract. The article is devoted to the development of innovative processes in the livestock industry of meat sector. The main forms and methods of classification of innovations are studied. The features of innovative activity of enterprises of agro-industrial complex of Kazakhstan are analyzed. Indicators of innovative activity of agricultural entities of the republic in comparison with European countries are presented. The author pays main attention to the formation and development of innovative processes at enterprises for production of meat and products of its processing, which is of considerable interest, since innovative activity in this industry has its own specific features. In agricultural sector, economic and financial state of production directly depends on introduction of innovations, the use of modern innovative technologies that save resources, increase the profitability and efficiency of production system. The assessment of potential resources for the development of beef cattle breeding has been carried out, the tendencies of the growth of livestock, meat production, its import and export in recent years have been studied. The main problems of animal husbandry industry, in particular raising of beef cattle, are highlighted, conclusions about the possibility of increasing the potential of meat products are drawn. On the basis of performed analysis of the level of innovation activity, the identified problems in agricultural production, recommendations were developed for the future development of innovations in the country's beef cattle breeding, since in the new economic conditions, an important role is played by innovative developments and their application in this industry.

Түйінді сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, мал шаруашылығы, етті мал шаруашылығы, мал басы, өндірістік жүйелер, инновациялар, экспорт, импорт, инновациялық белсенділік, экономикалық және қаржылық тұрақтылық.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, животноводство, мясное скотоводство, поголовье скота, производственные системы, инновации, экспорт, импорт, инновационная активность, экономическая и финансовая устойчивость.

Key words: agro-industrial complex, animal husbandry, beef cattle breeding, livestock, production systems, innovation, export, import, innovative activity, economic and financial sustainability.

Кіріспе. Қазіргі заманғы экономика инновациялық идеялар мен жаңалықтарды, инновациялық технологияларды тәжірибеде қолдану кезінде, сонымен қатар жаңа инновациялық өнімдер мен тауарларды шығару кезінде ғана өндіріс саласының жоғары қарқынмен дамуына ие бола алады. Аграрлық экономика салаларының тиімділігін арттыру үшін инновацияларды белсенді енгізу талап етіледі.

«Инновация» терминінің теориялық негіздері енгізілген инновациялардың қолданылу саласы мен іс-әрекетіне қарай әр түрлі түсініктер мен ұғымдарға, түрлі айырмашылықтарға, көптеген ерекшеліктерге ие. Осыған байланысты инновация теориясын зерттеу, оларды жіктеу, топтастыру және ауыл шаруашылығы салалары бойынша оқшаулау, жалпы қасиеттер мен ерекшеліктерін бөліп көрсету зерттеудің бастапқы қадамы болып табылады.

Жаһандық экономика жағдайында әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесі агроөнеркәсіптік кешеннің, оның ішінде мал шаруашылығының тиімділігін, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға негізінен инно-

вациялық қызметті жандандыру, яғни саланың ғылыми-техникалық саласының табысты жұмыс істеуі есебінен қол жеткізілетінін айқын көрсетіп отыр.

Инновациялық процесс инновацияның пайда болу немесе құрылуы, жаңа құбылыстың таралуы және оның консервативті даму факторына қайта оралу кезеңдерін қамтиды. Дамудың әр кезеңінде инновация айналадағы әлуәтті құбылыстарды өзгертіп, айналасында өзгерістердің жаңашылдық өрістерін қалыптастырады [1].

Аграрлық салада инновациялық үдерістердің туындауы және олардың тікелей өндірісте қолданылуы агроөнеркәсіптік өндірісті ұйымдастыру-экономикалық, техникалық және технологиялық жаңартуға және оның тиімділігін арттыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ғылыми мақала жазу барысында осы мәселелерді зерттейтін ғылыми әдебиеттер мен жариялымдар, аграрлық салаға қатысты ашық ақпарат көздері қолданылды. Сонымен қатар мемлекеттік заңнамалар мен мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге

асырудағы негізгі бағыттары талданды. Зерттеу кезінде Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық талдау көрсеткіштері негізге алынды.

Сандық мәліметтер мен статистикалық деректерді сараптау, жүйелеу, салыстыру әдістері, контент талдау әдістері арқылы зерттелді. Салыстырмалы талдау әдістерін пайдалану кезінде жеке және жүйелі мәліметтер зерделеніп, етті мал шаруашылығындағы өсу тенденциялары талданды. Агроөнеркәсіп кешеніндегі инновациялық үдерістің артықшылықтарын сипаттауда теориялық зерттеу әдістері, логикалық әдістер, оның ішінде индукция және абстракция әдістері қолданылды.

Қазақстан Республикасындағы мал шаруашылығы саласын инновациялық бағытта дамытуды зерттеуде, ұйымдастыру-экономикалық негіздерін талдауда қолданылатын жалпылама әдістер қарастырылды. Бұл қолданылған зерттеу әдістері арқылы мал шаруашылығындағы инновациялық әлуатті дамытуға әсер етуші факторлар анықталды. Ауыл шаруашылығы ғылымы, технологиясы және инновациясы ауылдық жерлердің дамуына ықпал ету және әлеуметтік жағдайын арттыру үшін өте маңызды, сондықтан күрделі процесс ретінде жүйелі әдістермен зерттеуді талап етеді.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Бәсекеге қабілетті болу – біздің заманымыздың өктем талабы және де бұрын болмаған бірден-бір ерекшелігі. Бүгінгі таңда әлем елдері инновацияны, оның тәсілдерін де жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің маңызды құралы дәрежесіне көтеруде. Дамыған елдердің ішкі жалпы өнімінің 30-40 пайызына дейін инновацияны жаппай және тиімді пайдалану негізінде алып отырғанын көреміз [2].

Инновациялық экономиканы қалыптастыру мен жетілдіру мәселесін зерттеуде көптеген ғалымдар инновациялар теориясының тұжырымдамаларына өз көзқарастарын білдіруден бастады. Зерттеулер барысында бір термин әр түрлі жолмен түсіндіріледі немесе теңдестіріледі. Бұл инновацияның мәнін анықтаудың өзектілігін анықтады. Белгілі шетелдік және Ресей ғалымдары Й. Шумпетер, Н.Д. Кондратьев, Б. Санто, Р.А. Фатхутдинов және т.б., сонымен қатар Қазақстандық ғалым-экономистер Р.Әлшанов, К.К.Абуов инновациялық ғылыми зерттеулерде ауыл шаруашылығын дамыту үдерісіндегі инновацияның рөлін қарастырды.

Инновациялық үдеріске көзқарастар нарық талаптарына, экономикалық ортаға байланысты өзгереді, ал отандық әдебиеттерді әлі күнге дейін инновациялардың желілік үлгілері әлі де болса басым екендігін айта келіп, бұл экономиканың негізгі ресурсы білім болып саналатынын естен шығармау керек [3].

Қазақстанның ресурсқа бағдарланған экономикадан инновациялық даму үлгісіндегі экономикаға көшудің бастапқы сатысын 2003-2015 Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы қабылданғанда басталды. Ұлттық инновациялық жүйенің институционалдық базасы мен негізгі элементтерінің қалыптасуы соның нәтижесі болып табылады. Инновациялық қызметті заңнамалық және қаржылық ынталандырудың күшеюімен сипатталатын кезең Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келеді. 2012 жылы «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасы» бекітілді.

2020 жылдан бастап индустриялық-инновациялық дамудың 3 бағдарламасын іске асыру басталды. Елдегі «Цифрлық дәуір» өнеркәсібінің дамуын ескере отырып Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын дайындауда мынадай басты қағидаттар ұстанады: индустриялық-инновациялық саясаттың сабақтастығы, тиімді өндірушілерді қолдау, "қарапайым заттар экономикасын" дамыту, индустриялық-инновациялық даму және цифрлық технологиялар синергиясы. Сонымен қатар индустриялық-инновациялық даму агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі саясатты да қамтиды [4].

Қазақстанда инновациялық белсенділік деңгейі 2019 жылғы мәлімет бойынша 10,6%-ды құрайды, 2012 жылы бұл көрсеткіш 4,3 пайызды ғана құраған, яғни 6,3 бірлікке өскен, ал дамыған елдерде, яғни Германияда бұл көрсеткіш – 80%-ды, АҚШ-та, Швецияда, Францияда – шамамен 50%-ды құрайды.

Өңірлердің инновациялық өнім көлемі белсенділігін экономикалық қызмет түрлері бойынша және өткізілген инновациялық өнім көлемін бөлу дәрежесі бойынша да зерделеуге болады. Экономикалық қызмет түрлері бойынша өткізілген инновациялық өнім көлемін бөлу құрылымында өңдеуші өнеркәсіп саласы - 94,8%, ғылыми зерттеу-

лер мен әзірлемелер 3,87%-ды құрайды. Ауыл, орман және балық шаруашылығы үлесіне аз ғана сан келеді - 1,06%. Экономикалық қызметтің қалған барлық салаларының инновациялық белсенділік деңгейі 1%-дан аз, яғни төмен үлесті көрсетіп отыр.

Агроөнеркәсіптік кешендегі инновациялық үдерістер көптеген жергілікті, салалық, функционалдық, техникалық және ұйымдастырушылық ерекшеліктерімен сипатталады. Агроөнеркәсіптік кешеннің инновациялық дамуына әсер ететін жағдайлар

мен факторлар теріс (инновациялық дамуды шектейді) және оң (инновациялық процесті ынталандырады және жеделдетеді) болып бөлінеді [6].

АӨК-нің салалық өзгерістеріне байланысты оның инновациялық дамуына әсер ететін жағдайлар мен факторлар теріс (инновациялық дамуды тежейтін) және оң (инновациялық процестерді жеделдетуге ықпал ететін) болып, ал инновациялық үдерістердің сипаттамалары сапалық және сандық болып бөлінеді (1 кесте).

1 кесте – АӨК-де инновациялық үдерістің сипаттамасы

| Инновациялық үдерістің сипаттамасы | |
|---|--|
| сапалық | сандық |
| Өнім сапасының стандарты | Қаржылық (капитал құрылымы және өтімділік) |
| Дайын өнімнің қауіпсіздігі | нарықтық (айналым, өсім және нарық үлесі) |
| Инновациялық үдерістің тәуелсіздігі | экономикалық (пайда және рентабельділік) |
| Кәсіпорынды басқару деңгейі | |
| Инновациялық әрекеттер | |
| Саяси және қоғамдық ықпал | |
| АӨК-нің инновациялық дамуына әсер етуші жағдайлар мен факторлар | |
| жағымды | жағымсыз |
| АӨК ғылыми-білім беру әлуетінің болуы | Импорттық азық-түлік өнімдері үлесінің артуы |
| Инновациялық қызметке қатысушыларды материалдық және моральдық ынталандыру | АӨК инновация енгізуде коммерциялық тәуекелдің жоғары пайызы |
| Инновациялық үдерісті басқарудың ұйымдастырушылық құрылымының икемділігі | Инновациялық инфрақұрылымның әлсіз дамуы |
| Экологиялық қауіпсіз өнімдерді өндіру саласында жаңа технологияларды жоспарлы енгізу | Ауыл шаруашылығындағы білікті мамандардың жетіспеушілігі, инновациялық менеджмент бойынша АӨК кадрлары құрамының әлсіз дайындығы |
| Ақпараттық және инновациялық инфрақұрылымның дамуы, ақпараттың көлденең ағымдарының басым болуы | Аграрлық өндіріс құрылымының күрделілігі және қаржылық деңгейінің төмендігі |
| Жоғары сыйымды азық-түлік нарығы. Ұйымның материалдық-техникалық, ғылыми базасы | Материалдық-техникалық, ғылыми және ақпараттық базалардың әлсіздігі мен артта қалуы |
| Ескерту: автормен құрастырылған | |

АӨК-дегі инновациялық үдерістердің ерекшелігі ретінде мыналарды атап көрсетуге болады:

- ауыл шаруашылығы өнімдерінің көп түрлілігі, технологияларындағы айырмашылықтар және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру кезеңдерінің ұзақтығы;

- аймақтардың шаруашылық қызметін жүргізудің табиғи және экономикалық жағдайлары бойынша едәуір саралануы, ауыл шаруашылығы өндірісінің аумақтық байланысы;

- ауыл шаруашылығының ғылыми-техникалық өнімдер өндіретін ұйымдардан оқшаулануы [7].

Мал шаруашылығы – ауыл шаруашылығының басты саласы болып табылады, осы саланың инновациялық даму қарқыны елдің азық-түлікпен қамтамасыз етудегі маңызды бағыттарының бірі. Мал шаруа-

шылығындағы инновацияларға: мал өнімділігінің биологиялық әлуеті, жаңа тұқымдар мен типтерді шығару, жануарларды өсірудің биологиялық жүйелерін жетілдіру, жемшөп өндірісінің жаңа жүйелерін әзірлеу, өндірістік үдерістерді механикаландыру, автоматтандыру және компьютерлендірудің кешенді жүйесін құру болып табылады.

Қазақстанның экономикалық өсуінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі аграрлық сектор болып саналады. Мал шаруашылығында инвестициялау үшін перспективалы бағыттар мыналар: сүтті және етті мал шаруашылығын дамыту; етті құс шаруашылығы; етті қайта өңдеу кешендерін салу. Ауыл шаруашылығының негізгі бағыты – мал шаруашылығы, оның үлесіне жалпы өнімнің 60%-дан астамы тиесілі [8].

Ауыл шаруашылығы өндірісі аграрлық техниканы, агротехнологияларды иннова-

циялық жаңартуды қажет етеді: оның тозу деңгейінің көрсеткіші 2019 жылы 44%-ға жетті. Бұл ретте, республикадағы агротехниканы жаңартудың жыл сайынғы қарқыны шамамен 2% деңгейінде тұр, бұл Ресейдегі – 4%, ЭЫДҰ елдерінде – 10-12% ұқсас көрсеткіштен айтарлықтай төмен [9].

Республикада мал шаруашылығы саласы қазіргі кезеңде баяу қарқынмен дамуда. Соңғы жылдары қабылданған ауылдық тауар өндірушілерді қолдаудың мемлекеттік шараларына қарамастан, сала ішкі нарықты етпен және сүтпен қамтамасыз етпейді. АӨК ауыл шаруашылық кәсіпорындарында ұсақ тауарлы өндіріс басым, ол етті мал шаруашылығындағы инновациялық процестердің дамуын тежейтін факторлардың бірі болып табылады.

Инновациялық технологиялармен жабдықталған жаңа ірі фермалардың құрылысы жеткіліксіз қаржы ресурстарымен ғана емес, сонымен қатар шаруа және жеке қосалқы шаруашылықтар басшыларының, өздерін мал шаруашылығын дамыту жөніндегі қамқорлықпен байланыстырғысы келмейтін, астық, көкөніс пен жеміс-жидек өндіруден және өткізуден жеткілікті жеке табыспен қамтамасыз етілген фермерлердің қарсылығымен де тежеліп отыр.

Бұл ретте еліміздің көптеген өңірлерінің мал шаруашылығын, атап айтқанда, етті мал шаруашылығын, оның ішінде ірі қара мал шаруашылығын, қой шаруашылығын, жылқы шаруашылығын және түйе шаруашылығын дамыту үшін қолайлы жағдайлары бар, өйткені оларда табиғи жайылымдар мен шабындықтар, астық жемдері, адами, энергетикалық ресурстар және т.б. жеткілікті саны бар.

Етті мал шаруашылығын дамыту үшін мал басын арттыру, мал өнімділігін жоғарылату және еңбек және энергетикалық ресурстардың ең төменгі шығындарымен өнімнің өзіндік құнын азайту қажет.

Жалпы Республика шеңберінде мал шаруашылығы секторында 4 пайыз деңгейінде тұрақты өсім сақталып отыр. Статистикалық деректер бойынша жалпы өнім көлемі 2,3 трлн теңгеге дейін өсті. 2019 жылы 2018 жылы жылмен салыстырғанда мал түрлері оң динамика байқалады, яғни: ірі қара мал 3,9%-ға, қой мен ешкі саны 2,4%-ға, шошқа саны 1,8%-ға өсті.

Ауыл шаруашылығы жануарларының: ірі қара малдың 3,1%-ға, қой мен ешкінің 2,4%-ға, жылқының 7,6%-ға өсуінде оң динамика байқалады. Ет өндірісі 5,7%-ға артып, 2019 жылы 1120,3 мың тоннаны, сүт

өндірісі 3,2%-ға және 1,5 млн тоннаны құрады (2 кесте).

Кестеде етті мал шаруашылығының негізгі экономикалық көрсеткіштері берілген. 2019ж. ірі қара мал саны 7 434,6 мың мал басын құрады. 2015 жылмен салыстырғанда 20,2%, ал 2018 ж. салыстарғанда 3,9% өскен. Шошқа саны 1,8%, ал қой саны 2,4% өскенін бақылауға болады. Мал шаруашылығының даму тенденциясын сипаттайтын көрсеткіштердің бірі ет өндірісі тірідей салмақта 2019 жылы 1 975 мың тг тең, ол 2018 ж. салыстырғанда 5,5 пайызға артқан. Мал басының орташа тірі салмағының орташасы ірі қарада 331 кг, шошқада 105,2, бұл көрсеткіш жем-азық өндірісінің қарқынды дамуына тәуелді.

Қазақстан Республикасы бойынша импортталатын ет көлемі 2019 ж. 19,2 мың тонна құрады, алдыңғы жылмен салыстырғанда 4,3% өскен. 2015 жылы экспорт көлемі 14 мың т құраса, қазіргі таңда 2019 ж. бұл көрсеткіш 26,5% өсіп, 25,3 мың тоннаға құрайды. Етті мал шаруашылығындағы мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар сәйкес орындалған шаралардың нәтижесінде экспортқа бағытталу деңгейі айтарлықтай жоғарылады.

Халықтың жан басына шаққандағы тұтынуы жылына 74 кг, яғни 2018 ж салыстырғанда 1,4% көтерілген. Ет өндіріс бойынша экономикалық тиімділік көрсеткіштері, оның ішінде рентабельділік деңгейінің көрсеткіші 2019 ж. ІҚМ бойынша 2015 ж. салыстырғанда 151,1%, ал 2018 ж. салыстырғанда 36,4% өскенін көре аламыз.

Мал шаруашылығы саласындағы жаңа экономикалық жағдайларға негізделген ғылыми-техникалық прогресті дамытудың бастапқы жолы ғылыми-инновациялық дамытудың ұйымдастыру-технологиялық нысандарын жетілдіру болып табылады. Етті мал шаруашылықтарында өндірушілердің инновациялық белсенділігін арттыру үшін олардың ғылыми және тәжірибелі ұжымдармен үнемі байланыста болуын талап етеді. Шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайында тауар өндірушілер инновациялық сипаттағы ғылыми әзірлемелерге ерекше көңіл аударып, тәжірибеде қолдануы тиіс.

Етті мал шаруашылығында инновациялық үдерістерді жетілдіру негіздерінің бірі ғылыми тәжірибеде ғалымдардың селекциялық жетістігі ретінде танылған өнімділігі жоғары жаңа мал тұқымдарын шаруашылық субъектілерінде өсіру болып табылады.

| Көрсеткіштер | жылдар | | | | | Өсім қарқыны, % | |
|--|---------|---------|---------|---------|---------|-----------------|---------------|
| | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2019/ 2015 | 2019 /2018 |
| Жыл соңына мал басы саны, мың бас, оның ішінде | | | | | | | |
| Ірі қара мал | 6 183,9 | 6 413,2 | 6 764,2 | 7 150,9 | 7 436,4 | 120,2 | 103,9 |
| шошқа | 887,6 | 834,2 | 815,1 | 798,7 | 813,3 | 91,6 | 101,8 |
| Қой мен ешкілер, млн бас | 18,01 | 18,18 | 18,30 | 18,70 | 19,15 | 106,3 | 102,4 |
| Ет өндірісі (тірідей салмақта), мың тонна | 1 651,0 | 1 702,0 | 1 794,4 | 1 871,9 | 1 975,0 | 119,6 | 102,4 |
| Ет өндірісі (сойыс салмақта), мың тонна | 931,0 | 960,7 | 1 017,6 | 1 059,6 | 1 120,3 | 120,3 | 105,7 |
| мал басының орташа тірі салмағы, кг | | | | | | | |
| Ірі қара мал | 326 | 329 | 331 | 333 | 336 | 103,0 | 100,9 |
| шошқа | 104 | 105 | 106 | 106 | 105 | 100,9 | 99,0 |
| Қой мен ешкі | 39 | 39 | 39 | 39 | 39 | 100,0 | 100,0 |
| Ауыл шаруашылығы жер-лерін 100 га есептегендегі ет (тірідей салмағында) өндірісі | 17,0 | 17,2 | 17,8 | 18,4 | 19,2 | 112,9 | 104,3 |
| Импортталған ет, мың тонна | 236,4 | 226,8 | 244,4 | 261,9 | 267,1 | 112,9 | 102,0 |
| Экспортталған ет, мың тонна | 14,0 | 14,9 | 11,8 | 20,0 | 25,3 | 180,7 | 126,5 |
| Халықтың жан басына шаққандағы тұтынуы, кг/жыл | 69,0 | 68,0 | 68,3 | 73,0 | 74,0 | 107,2 | 101,4 |
| Ет өндірісі бойынша рентабельділік деңгейі, %: | | | | | | | |
| ІҚМ | 8,8 | 9,8 | 14,9 | 16,2 | 22,1 | 251,1 | 136,4 |
| Қой мен ешкі | 20,2 | 13,8 | 22,9 | 17,7 | 23,9 | 118,3 | 135,0 |
| шошқа | 1,5 | 10,5 | 13,3 | 15,8 | 22,9 | 15есе | 144,9 |

Ескерту: 5, 9 әдебиеттер мәліметтері негізінде жасалды

Республикада етті мал шаруашылығының әр түрлерінің селекциялық ядросын сақтау мәселесіне назар аудара отырып, еліміздің өңірлік ерекшеліктеріне қарай жетекші тауарлық – асыл тұқымдық шаруашылықтар базасында етті және сүтті мал шаруашылығы бойынша селекциялық-генетикалық орталықтарды құрудың жаңа жобасын әзірледі. Бұл кезде импортталған жануарлардың жаңа жағдайға бейімделуіне қарай, әсіресе жем-азықпен қамтамасыз етуде белгілі бір қиындықтар туындайды.

Соңғы 7 жыл ішінде республика бойынша ет индустриясының серпіні күшейді, ол үшін Қазақстанда ет саласы үшін қолайлы негізгі факторлар бар: жайылымдық жерлер, суармалы егістіктер, жұмыс күші. Импорттың тұрақты өсуі бар Таяу Шығыс елдері мен Азияның бірқатар мемлекеттері ет өнімдерінің, оның ішінде сиыр еті мен қой етінің жоғары экспорттық әлеуетінің позицияларын айқындады.

2018-2027 жылдарға арналған етті мал шаруашылығын дамытудың ұлттық бағдарламасы шеңберінде фермерлерге 76 млн га жайылым бөлу жоспарланған, селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу

үшін тиісті материалдық-техникалық база-сы бар асыл тұқымды репродукторлардың асыл тұқымды малды сатып алуын ынталандыру жөніндегі іс-шаралар әзірленді. Асыл тұқымды бұқалардың әлеуеті малды тұқымдық жақсарту және жеке қосалқы және фермерлік шаруашылықтарда бордақылаудың тиімділігін арттыру үшін пайдаланылады.

Етті мал шаруашылығының инновациялық үдерістерін дамытудағы орындалатын міндеттері: ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын арттыру, еңбек өнімділігін арттыру, жаңа жұмыс орындарын құру, ауыл шаруашылығын цифрландыру элементтерін: электронды жер кадастры, электронды бухгалтерлік есеп жүйесі, есеп қоры, өнімнің бақылану жүйесін енгізу, қоғамда фермердің жағымды имиджін қалыптастыру (жанұялық бизнес, пайданың қалып-тылығы, салық салымының оңтайлы болуы) [10].

Тұжырымдар. Халықаралық және отандық деңгейдегі ғалымдардың ғылыми еңбектерінде, монографияларында жарияланған инновациялық үдерістердің теориялары мен ұғымдарын, олардың АӨК-дегі ерекшеліктері мен айырмашылықтарын

зерттеу, ғылыми пікірлері мен тұжырымдарын зерттеу, жалпылау, топтастыру және жіктеу нәтижелері келесі тұжырымдар жа-сауға мүмкіндік берді.

1. Қоғамның экономикалық дамуында циклдік сипатқа ие сандық және сапалық өзгерістер орын алады және прогрессивті өзгерістерде ғылыми-техникалық инновациялар басты рөл атқарады. Инновация өндірістік процестердің техникалық, экономикалық нәтижелерінің тиімділігін арттыруға бағытталған техникалық-экономикалық циклдің ерекшеліктерін қабылдайды.

2. Инновация, инновациялық қызмет, инновациялық үдеріс – жаңа өнімнің туындауына, оны дайындауға және шығаруға байланысты кезеңдер, сатылар, іс-шаралар мен іс-әрекеттердің жиынтығы. Қазіргі жағдайда өңірлерді дамытудың неғұрлым перспективалы бағыты инновациялық жобаларды енгізу болып табылады. Облыстың экономикалық өсуі үшін негізгі құрамдас-тардың бірі мал шаруашылығына инвестиция салу үшін перспективалы бағыттары бар аграрлық сектор болып табылады [8].

3. АӨК-дегі инновациялық үрдістер саланың дербес ерекшелігінде және инновациялық циклдің өзінде көрінетін бірқатар өзгешеліктері бар. Бұл ерекшеліктер табиғи-биологиялық сипатқа ие, бұл саланың техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік-экономикалық қалыптасуын анықтайды. Сонымен қатар етті ірі қара мал шаруашылығындағы инновациялық үдерістердің дамуын кешенді бағалау ауыл шаруашылығы өндірісіндегі инновацияның селекциялық-генетикалық, техникалық-технологиялық, өндірістік, ұйымдастырушылық және экономикалық, әлеуметтік-экологиялық негізгі түрлерін зерттеуге тәуелді.

4. "Атамекен" Агробіліктілік орталығы, ғылыми-зерттеу институттары мен аграрлық жоғары оқу орындары негізінде білім тарату жүйесі арқылы фермерлердің инновациялық ойлауын қалыптастыру. "Өндіріс – қайта өңдеу-сату" тізбегіндегі АӨК кәсіпорындарын жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру».

5. Асыл тұқымды малдың генетикалық ресурстарын пайдалану және мал басын тұқымдық жақсарту тиімді етті мал шаруашылығының міндетті шарты болып табылады. Жемшөп өндіру, оның ішінде суармалы жерлерде бордақылау алаңдарына шоғырландырылатын болады. Тұқымдық түрлендіруге арналған асыл тұқымды бұқалар тегін негізде бордақылау алаңдарымен қамтамасыз ету қарастырылған. Осыған байланысты мал шаруашылығындағы ин-

новациялық үдерістердің перспективалық мақсаттары мен нәтижелерін табиғи-экономикалық ресурстарды қорғаудың белсенді үдерістерімен тығыз байланыста қарастырған жөн.

Әдебиеттер тізімі

1 Бабуринов, В.Л., Земцов С.П. Инновационный потенциал регионов России: монография / В.Л.Бабуринов, С.П.Земцов.– М: «КДУ», «Университетская книга», 2017. – 358с.

2 Сағадиев, К. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік - заманның өктем талабы / К. Сағадиев// Егемен Қазақстан.-2017.-13 ақпан.- Б.3.

3 Мырзалиев, Б.С., Е.Т. Абилкасимов, Л.Т. Тайжанов. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешеніндегі инновациялық үдерістер: мәселелері және оларды шешу жолдары / Б.С. Мырзалиев, Е.Т. Абилкасимов, Л.Т. Тайжанов //Проблемы агробизнеса. - 2020.-№1.- С.18-27.

4 Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1050 қаулысы. [Электрондық ресурс]. -2019.- URL: <http://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001050> (қаралған күні 01.10.2020).

5 Статистический сборник. Сельское, лесное и рыбное хозяйство в Республике Казахстан. – Астана, 2015-2019гг. [Электрондық ресурс]. -2019.- URL: <http://www.stat.gov.kz/edition/publication/month> (дата обращения: 05.10.2020).

6 Бенчева Н.А., Шуленбаева Ф.А., Маденова К.М. Formation of innovative processes in Agriculture of Kazakhstan // Сигурност и икономика в несигурния свят – дилемии и предизвикателства: Матер. Междунар. науч. конф. – Пловдив, Болгария: Издателски комплекс ВУСИ, 2019. - С.178-186.

7 Белова, Л.Г. Инновации в мировой экономике: учебное пособие / Л. Г. Белова. – М.: КНОРУС, 2019. –148 с.

8 Зейнуллина, А.Ж., Т.Д. Айдарханова// Инновационное развитие АПК Казахстана/ А.Ж. Зейнуллина, Т.Д. Айдарханова // Проблемы агробизнеса. – 2019.-№4.- С.55-62.

9 Официальный сайт Комитета по статистике Министерства Национальной экономики Республики Казахстан [Электронный ресурс]. -2020.- URL: <http://www.stat.gov.kz/edition/publication/month> (дата обращения 04.10.2020)

10 Бакибаев М.Б. Опыт работы Мясного союза Казахстана. Мясное скотоводство – приоритеты и перспективы развития: Матер. Междунар. науч.-практ. конф., Оренбург, 25-26 апреля 2018. – Оренбург: Изд-во ФНЦ БСТ РАН, 2018. –199 с.

5 Statistical compendium. Agriculture, forestry and fisheries in the Republic of Kazakhstan. - Astana, 2015-2019 [Electronic resource].-2019.-URL:<http://www.stat.gov.kz/edition/publication/month> (date of access: 05.10.2020).

10 Baktibaev M. B. Experience of the Meat Union of Kazakhstan. Beef cattle breeding-priorities and development prospects: Mater. International. scientific and practical Conf., Orenburg, April 25-26, 2018. - Orenburg: Publishing house of the Federal research CENTER BST RAS, 2018. -199 p.

Маденова Күлшара Мырзабайқызы, PhD докторанты, Экономика факультеті "Экономика" кафедрасының аға оқытушысы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, 010011, Жеңіс даңғылы, 62, Нұр-Сұлтан, Қазақстан, Madenova74 @mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9105-3938>